*Қазақстан Республикасының Оқу - ағарту министрінің*
*2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының 1,2,3,4,5-қосымшалары бойынша жасалынды*

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақбота» бөбекжай - балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның**

# ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ

**Степной ауылы 2025ж**

**МАЗМҰНЫ:**

1. Жалпы ережелер..........................................................................................3
2. Өзін -өзі аттестаттау бұйрығы *(1қосымша сәйкес)*.........................................*4*

3. Өзін - өзі аттестаттау жоспары.......................................................................5

4. Жоспардан тыс №3 педагогикалық кеңес.....................................................6-7

5. Өзін -өзі аттестаттау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері........................8

6. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы......................................................9

7. Құрылтайшылық құжаттары........................................................................10-14

8. Кадрлық құрамға талдау жасау *(2 қосымша сәйкес)*.................................15-26
а) оқытушылық және оқыту

б) тәрбиешілердің жетістіктері

9. Тәрбиеленушілер контингенті *(3 қосымша сәйкес)*....................................27-34

10. Оқу әдістемелік жұмыстары..........................................................................35
11. Оқу материалдық активтер *(4 қосымшаға сәйкес)*....................................36-40
а)Мектепке дейінгі мекемеде балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құру.
12. Ақпараттық ресурстар, кітапхана қоры *(5 қосымшаға сәйкес)*...............41-42
13. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау……………………………………...43-45
14. Білім беру процесіне қатысушылардың және т. б. сауалнамасы....................46
15. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары....................................46
16. Қорытынды мен ұсыныстар.........................................................................46-48
17. Жоспардан тыс №4 педагогикалық кеңес....................................................49-51
17. Бағалау өлшемшарттары..................................................................................52

## Жалпы ережелер

«Ақбота» бөбекжай - балабақшасы өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (бұдан әрі – бағалау өлшемшарттары) және білім беру ұйымының білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілері негізінде әзірленді.

1. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуі бірыңғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз етті.

2. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылады:

1) білім беру ұйымдарының, мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
2) оқыту және білім беру;
3) білікті қызметкерлердің болуы;
4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

3. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асырылады:

1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
3) оқу мерзімі.

4. МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде Бағалау өлшемшарттары пайдаланылды.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы»
Қарғалы ауданының білім бөлімі»ММ
«Ақбота» бөбекжай балабақшасы» МКҚК

Степной ауылы 2025ж 03.03.

Бұйрық №10

«Аттестаттау жұмысының
комиссиясын тағайындау және
өзін-өзі бағалауды өткізу туралы»

Қазақсьан Ресмпубликасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығы негізінде

Бұйырамын:

1. Аттестаттау комиссиясы төмендегі құрамында бекітілсін:

Комиссия төрағасы – Дзюбан Э.Н.- меңгеруші

Космиссия мүшесі – Лесбаева А.К.- тәрбиеші, педагог сарапшы

Комиссия мүшесі – Жабетова Б.З. - КММ «Сазды орта мектебінің» даярлық класстын тәрбиеші, педагог модератор.

2. Бекітілген комиссия 03.03.-31.03.ж аралығында балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізіп, корытындысын https://akbota-kargaly.kz/kz/ сайтына орналастырсын.
3. Осы бұйрықтын орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші: Э.Дзюбан

Бұйрықпен танысты: Лесбаева А.К.
Жабетова Б.З.

Бекітемін
«Ақбота» бөбекжай-балабақшасының
Меңгеруші Э.Н.Дзюбан
«03» наурыз2025ж

Балабақшаның өзін – өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізу бойынша
іс – шара жоспары

| № | Іс-шара атауы | Іс-шара түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Өзін-өзі бағалау жөніндегі ұйымдастырушылық кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуіне комиссия құру. | Өткізу<br>Бұйрық шығару | Меңгеруші |
| 2 | Бағалау өлшемшартына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау | 1- Қосымша сәйкес жүргізу | Комиссия мүшелері |
| 3 | Оқыту нәтижелерін бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойлатын талаптар бойынша атқарылатын жұмыстар ( Қазақстан Республикасы Ғылым министірінің 2022 жылғы 3 тамыздандағы № 348 бұйрығына сәйкес ұсынылды) | Іс – шара жұмыс жоспары ( кесте) | Комиссия төрайымы Дзюбан Э.Н.<br>Комиссия мүшелері:<br>1. Лесбаева А.К.<br>2. Жабетова Б.З. |
| 4 | Өзін-өзі бағалаукезендегі жұмыс нәтижесін бағалау,сараптау,талдау жасау | Есеп беру құжаттарын дайындау | Меңгеруші, комиссия мүшелері |
| 5 | Балабақшаның өзін – өзі бағалауын қортындылау. Қортынды бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесті ұйымдастыру | Жұмыс жоспарын қорытындылау | Комиссия мүшелері<br>Хаттама |
| 6 | Өзін-өзі бағалау қорытындысын жариялау | Интернет ресурстарына орналастыру | Комиссия мүшесі |

**(Жоспардан тыс) Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы**

Өткізу күні: 03.03.2025ж

Қатысқан саны: 3

Қатыспаған:0

Тақырыбы: «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК өзін – өзі аттестаттау.

Мақсаты: Білім беру мекемесінің оқыту және тәрбиелеу сапасын жоғарылату бойынша қызметке обьективті талдау беру және бағалдау.

**Күн тәртібі**

2022-2025 жылғы жұмысы кезеңінде мектепке дейінгі ұйымының қызметіне толық талдау өткізу (меңгеруші Э.Н.Дзюбан).

Балабақша өзін-өзі аттестаттаудан өту комиссиясын бекіту (меңгеруші Э.Н.Дзюбан)

Педагогикалық кеңестің барысы:

Бірінші сұрақ бойынша меңгруші Э.Н.Дзюбан сөз сөйледі. Ол мекеменің аттестациядан өту уақыты 2025 жыдың мамыр айы деді.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан РеспубликасыОқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486бұйрығымен таныстырылды. 2022-2025 жылдар аралығында мектепке дейінгі ұйымының барлық бағыттары бойынша жұмыс жүйесін бағалау және өзін-өзі аттестаттауды өткізу үшін комиссия құруды ұсынды.

Комиссия төрайымы:- Дзюбан Э.Н.

Комиссия мүшелері: - Лесбаева А.. тәрбиеші, педагог – сарапшы

-Жабетова Б.З. КММ «Сазды орта мектебінің» даярлық класстын тәрбиеші, педагог модератор.

Комиссия төрайымы мектепке дейінгі білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлай отырып, оған басшылықты жүзеге асырды.

Төрайым Э.Н.Дзюбан бағалау өлшем шарттарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымын өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша, нақтыц тапсырмаларды комиссия мүшелеріне бөлді.

Дауыс беру: «Қарсы,қалыс бар ма?»

Барлығы келесті – 3 педагог

«қасы» - жоқ

«қалыс» - жоқ

**Шешімі:**

Білім беру мекемесінің оқыту сапасын жоғарылату бойынша қызметіне обьективті талдау беру және бағалау мақсатында:

- 2025 жылдың 3 наурыздан бастап 31 наурыз аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» ММ «Ақбота» бөбекжай балабақшасы» МКҚК өзін – өзі аттестаттаудан өту туралы бұйрық шығарылсын.
- Өзін – өзі бағалау комиссиясы бекітілсін:
- Комиссия төрайымы: меңгеруші Э.Н.Дзюбан (оқу жоспары,пед.кадр және контингент мәліметтеріне,балабақшаның материалдық базасын құжаттарына жауапты)
- Комиссия мүшелері: Лесбаева А.К.- тәрбиеші, педагог сарапшы (перспективалық жоспар,циклограмма, мониторинг, жеке даму карталары
- Жабетова Б.З. - КММ «Сазды орта мектебінің» даярлық класстын тәрбиеші, педагог модератор.(ақпараттік ресурс,кітапхана қорына жауапты)

Педкеңес төрайымы: Э.Дзюбан

Хатшысы: Г.Асанова

**«Ақбота» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін -өзі аттестаттау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты:** балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау.

**Міндеттері:**

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құруды;
- балаларды қызықты ойын түрінде тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

**Тәрбиеленушілер қызметіне:**

- медициналық бөлме;
- медициналық оқшаулау бөлме;
- «Рухани жаңғыру сәби шақтан» дамыту бөлмесі

баланың үздіксіз дамуына қызмет жасайды.

Және де, бала дамуына, бала қажеттілігіне сәйкес саралау әдісі арқылы анықталып, ең тиімді технологиялар тәжірибиеде қолданыста:

- Монтессори технологиясы
- Зерттеу технологиясы
- Воскобович ойындарын педагогтар іс-әрекет барысында үздіксіз қолданады.

Сондай – ақ, «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында іс-әрекет барысын жүзеге асырады.

## Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

«Ақбота» бөбекжай – балабақшасы Д.А.Конаев көшесі 11 үйінде орналасқан. Ғимарат 1972 жылы салынған, жалпы аланы 263,2 шаршы метр. Балабақша тығыздығы 50 орынға арналған, типтік үлгідегі, 1 қабатты ғимарат.

**Мекен-жайы:** индекс 030511, Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Степной ауылы, Д.А.Конаев кошесі №11, факс/телефон 8(71342) 29-7-08, электронды адрес: akbota_bb2008@ mail.ru

МКҚК «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның тіркеу анықтамасы БСН, 2021 жылдың 12 қаңтар. «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы мекемесінің құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсанның №490 қаулысымен бекітілген.

МКҚК «Ақбота» бөбекжай – балабақшасында 1 топ жұмыс жасайды қазақ тілінде. «Ақбота» бөбекжай – балабақшасында кәзіргі уақытта 26 бала тәрбиеленуде. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.

Білім беру үрдісі жайды пайдалануға берілген мемлекеттік өртке қарсы және санитарлық эпидемиологиялық қызметтердің қорытындылары мен анықтамалары жинақталған. Медициналық қызмет көрсету және тамақтандыру пунктерімен қамтамасыз етілуін растайтын құжаттар бар.

| | | |
|---|---|---|
| **«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ** | | **НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН»** |

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Актөбе облысы бойынша филиалының Қарғалы аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі**

**Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама**

**БСН080440017855**

Бадамша селосы 12.01.2021

| | |
|---|---|
| **Атауы:** | "Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақбота" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны |
| **Орналасқан жері:** | Қазақстан, Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Степной ауылдық округі, Степное ауылы, Д.А.Қонаев көшесі, 11 ү. |
| **Басшы:** | Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған(таңдалған) басқарушы ДЗЮБАН ЭЛЯНОРА НАЗЫМОВНА |
| **Құрылтайшылар (қатысушылар):** | "Ақтөбе облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі |
| **Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні:** | 21.04.2008 |

**Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның қайта мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып табылады**

| | |
|---|---|
| **Тіркеу органының басшысы:** | Бакитжанов К.З. |
| **Берілген күні:** | 12.01.2021 |

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ**

**№ 32 БҰЙРЫҚ**

Бадамша ауылы «12» 01 2021 ж.

**Міндеттерді жүктеу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылығы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 34 бабына және Ақтөбе облысы Әкімдігінің № 490 қаулысы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» ММ «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгеруші міндеті **Элянора Назымовна Дзюбанға** 2021 жылдың 12 қаңтарынан бастап қайта жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 04.12.2014 жылғы № 540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету» ережесі негізінде **Элянора Назымовна Дзюбанға** барлық қаржы құжаттарына бірінші қол қою құқығы 2021 жылғы 12 қаңтарынан бастап жүктелсін.

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БСН 131140014834

**Бөлім басшысының м.а.** **Ж.Дуйсенова**

1 - 1

**Уведомление № KZ68RVK00026908**
**о начале осуществления деятельности**

1. Полное наименование государственного органа Государственное учреждение " Департамент по обеспечению качества в сфере образования Актюбинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан"

2. Полное наименование юридического лица/ФИО, БИН/ИИН Государственное коммунальное казенное предприятие "Ясли-детский сад "Акбота" государственного учреждения "Отдел образования Каргалинского района Управления образования Актюбинской области", 080440017855

3. Вид уведомления начале осуществления деятельности

4. Вид деятельности Уведомление о начале или прекращении деятельности в сфере дошкольного воспитания и обучения

5. Адрес местонахождения юридического лица/местожительства физического лица 030511, Республика Казахстан, Актюбинская область, Каргалинский район, Степной с.о., с. Степное, улица Д.А.Конаева, дом № 11

(почтовый индекс, область, город, район, населенный пункт, наименование улицы, номер дома/здания (стационарного помещения)

6. Контактная информация:

Электронная почта eleonora._68@mail.ru

Телефоны 87135929708, 87059183080

Факс 87135929708

7. Адрес(а) осуществления деятельности

| № | Адрес |
|---|---|
| 1 | 030511, Республика Казахстан, Актюбинская область, Каргалинский район, Степной с.о., с.Степное, Д.Конаева, дом № 11 |

8. Дополнительные сведения

___

(указывается информация согласно законодательству Республики Казахстан)

9. Время и дата начала осуществления деятельности с 20.01.2021 18:22:44

Подавая данное уведомление, заявитель подтверждает нижеследующее:

- все указанные данные являются официальными, и на них может быть направлена любая информация по вопросам осуществления деятельности или определенных действий;
- заявителю не запрещено судом заниматься заявленным видом деятельности или отдельными действиями;
- все прилагаемые документы соответствуют действительности и являются действительными;
- заявитель обеспечивает соблюдение требований законодательства Республики Казахстан, обязательных для исполнения до начала осуществления деятельности или определенных действий и в последующем.

Подписано: Дзюбан Элянора Назымовна, заведующая

Дата и время подачи: 20.01.2021 18:22:44

Бұл құжат ҚР 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою туралы» заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

## Кадрлық құрамға талдау

| № | Оқу жылы | Мазмұны | Дереккөз |
|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 жж | Педагогикалық құрам | Ресми интернет-ресурста орналастырылды |
| 2 | 2023-2024 жж | Педагогикалық құрам | |
| 3 | 2024-2025 жж | Педагогикалық құрам | |
| 4 | 2024-2025 жж | Штаттық кесте | |

## 2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет

МЖБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін қазіргі таңда:

| *Барлығы* | *Меңгеруші* | *Әдіскер* | *Дене шынықтыру нұсқаушысы* | *Музыка жетекшісі* | *Педаго-психолог* | *Тәрбиешілер* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 педагог | 1 | | | | | 2 |
| 100% | 34 | | | | | 66 |

### Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер 2024-2025 оқу жылы

| № | Тегі,аты,әкесінің аты (бар болған жағдайда | Туған күні және жылы | Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы,өтілі | Жоғары ( жоғары оқу орнанан кеінгі) және/немесе техниқалық және касіптік және/немесе орта білімнен кеінгі білім туралы,педагогиқалық қайта даярлау туралы мәліметтер, мамандығы,диплом бойынша біліктілігі,бітірген жылы | Тану туралы куәлігінің бойынша мәліметтер (куалік №, мерзімі | Санат берілген күні,санат беру туралы бұйрық нөмері | Штат бірлігі | Біліктілік санаты, берілген күні, санат беру туралы бұйрықтың | Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан соңғы өткен мерзімі | Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым) | Медициналық тексеруден өткенту туралы мәліметтер (медициналық кітапшаның болуы) (рұқсат беру мерзімі) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дзюбан Элянора Назымовна | 08.06. 1968 | «Ақбота» бөбекжай – балабақшасының | Орское педагогическое училище,1988 ж мектепке | 055669 078МВД РК 21.06.2 | Санаты жоқ | 1 | - | 12-22 қараша 2024ж | НЦПК Актобе "Өрлеу" 2024 | 08.02. 2025,08.08.2025 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | меңгеруші 26 ж | дейінгі тәрбие | 023 | | | | | желтоқсан , 72 сағат | |
| 2 | Лесбаева Алмагул Карсебековна | 29.03. 1982 | «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы тәрбиеші,22 ж | С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2018 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие | 048828951 МВД РК 16.07.2021 | - | 1 | Педагог-эксперт №170 30.10.2020ж | 6-17 қантар 2025ж | Ақтобе "Өрлеу" 2025 қантар,72 сағат | 14.10. 2024,12.04.2025 |
| 10 | Сақытжан Жансая Абайқызы | | «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы тәрбиеші. | Ақтөбе педагогикалық колледж,2015ж | 043510918 МВД РК 03.11.2017 | - | 1 | педагог | - | - | 28.06. 2025ж |

**Меңгеруші: Э.Н.Дзюбан**

Бекітемін
МКҚК «Ақбота»
бөбекжай балабақшасінің
Меңгеруші Ю.Н.Дзюбан

**2024-2025 оқу жылына арналған штат кестесі**

| № | Лауазымдардың атауы | Бірлік саны | Айлық тарифтік мөлшерлеме, жалақы теңге | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Меңгеруші | 1 | Еңбек шарттына сәйкес | |
| 2 | Әдіскер | - | | |
| 3 | Педагог психолог | - | | |
| 4 | Бухгалтер | 1 | Еңбек шарттына сәйкес | |
| 5 | Меңгеруші шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасары | - | | |
| 6 | Хатшысы | - | | |
| 7 | Қазақ тілі педагогі | - | | |
| 8 | Медбике | 1 | Еңбек шарттына сәйкес | |
| 9 | Емдәмбике | - | | |
| 10 | Музыка жетекшісі | - | | |
| 11 | Дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы | - | | |
| 12 | Тәрбиеші | 2 | Еңбек шарттына сәйкес | |
| 13 | Тәрбиеші көмекшісі | 1 | Еңбек шарттына сәйкес | |
| 14 | Аспазшы | 1 | Еңбек шарттына сәйкес | |
| 15 | Кастелянша | 1 | Еңбек шарттына сәйкес | |
| 16 | Көмекші жұмысшы | 1 | Еңбек шарттына сәйкес | |
| 17 | Ғимараттарда кешкенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әр бір ғимаратқа) | - | | |
| 18 | Күзетші | 3 | Еңбек шарттына сәйкес | |
| 19 | Аула тазартушы | 1 | Еңбек шарттына сәйкес | |

## Оқытушылық және оқыту

«Ақбота» бөбекжай – балабақшасы МКҚК-да жылдық жоспар оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан-жақты, нақты жазылған.

Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі. «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы МКҚК педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

-ҚР «Білім туралы» Заңына;
-Жарғысына;
-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
-Оқу жұмыс жоспарына;
-Ішкі тәртіп ережелеріне;
-ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Мектепке дейінгі ұйымында, балаларды қабылдау мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Ата-аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман бекітілген. Ата-аналармен келісім-шарттар жасалған. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналы талапқа сай.

Мектепке дейінгі мекеменің әр жылға арналған оқу жұмыс жоспары аудандық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген . Жылдық жұмыс жоспарларында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, алдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық перспективалық жоспары ескере отырып құрылған.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.

2024 - 2025 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген, Білім беру барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министірінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2024 – 2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

туралы» әдістемелік нұсқау хатын және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының ұстанымын негізге ала отырып құрылды.

Оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мектепке дейінгі меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған.

Тәрбиешілер 2022-2024 оқу жылдарында, «Жол ережесі» тақырыбында эксперимент нәтижелі жұмыстар жүргізіліп, қорғалды. Бүгінгі танда осы бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында жаңа заман талабына сай баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеп, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау, білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосуды балабақшаның басты мақсатымыз деп түсінген педагогтар аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі бөлім әдістемелік кабинетімен бекітіп жұмыс жасауда.

Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық кеңес хаттамалары жазылған тігіліп, мөрленіп, меңгеруші бекіткен.

Қызметкерлермен лауазымдық міндеттері және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары бар.

Ата – аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата - аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемелекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар - практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі.

**Педагогтардың педагогикалық білімі туралы**

**2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы ақпарат**

| **Оқу жылы** | **Барлық педагогтар саны** | **Жоғары білімі бар педагогтар саны** | **Арнайы орта білімі бар педагогтар саны** |
|---|---|---|---|
| 2022 - 2023 ж | 3-100% | 1-34% | 2-66% |
| 2023 - 2024 ж | 3-100% | 1-34% | 2-66% |
| 2024 - 2025 ж | 3-100% | 1-34% | 2-66% |




**Бейіні бойынша педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы бойынша мәліметтер**

2024-2025 оқу жылында «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы балабақшасында мектепке дейінгі білімі бар педагогикалық кадрлармен қамтылуы -100%. Педагогтар саны-3. Оның ішінде – бейіні бойынша мектепке дейінгі жоғары білімі бар педагогтар саны -1, бейіні бойынша арнайы орта білімі бар педагогтар саны-2.

| Оқу жылы | Барлық педагогтар саны | Бейіні бойынша мектепке дейінгі жоғары білімі бар педагогтар саны | Бейіні бойынша мектепке дейінгі арнаулы орта білімі бар педагогтар саны | Қайта даярлау курсынан өткен педагогтар саны | Бейіні бойынша педагогтармен қамтылу |
|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 ж | 4-100% | 1- 38% | 3-38% | 3-75% | 100% |
| 2023-2024 ж | 4-100% | 1 - 38% | 3-38% | 3-75% | 100% |
| 2024-2025 ж | 3-100% | 1 - 30% | 3-38% | 2-66% | 100% |




**Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру, растау туралы 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы бойынша мәлеметтер**

| Оқу жылы | Барлық педагогтар саны | Басшы біліктілік санаты | Педагог-зерттеуші | Педагог эксперт | Модератор | Жоғары санат | I-санат | II - санат | Санаты жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2022-2023 ж** | 4 | - | - | 1 | - | - | - | - | |
| **2023-2024 ж** | 4 | - | - | | - | - | | - | |
| **2024-2025ж** | 3 | - | - | | - | - | | - | |

## Педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан өті туралы 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы мәлеметтер

| Оқу жылы | Барлық педагогтар саны | Біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтардың көрсеткіші | Біліктілік арттыру курстарынан өтпеген педагогтардың көрсеткіші |
|---|---|---|---|
| **2022-2023 ж** | | 3-75% | |
| **2023-2024 ж** | | % | |
| **2024-2025 ж** | 3 | | |




## Тәрбиешілердің жетістіктері
**2022 – 2025 оқу жылы.**

| № | Тәрбиешінің аты - жөні | Жетістіктері | Жарыстың атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | Лесбаева Алмагул Карсебековна | Диплом II дәрежелі<br>Алғыс хат<br><br>Алғыс хат<br><br>III дәрежелі диплом<br><br>Алғыс хат<br><br>III – дәрежел Диплом | Тәрбиешілер арасындағы онлайн олимпиадасы.<br><br>Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана,әже және мен» атты республикалық байқауның облыстық кезеніне белсенді қатысқаны Алғыс хат<br>Облыстық пәндік олимпиада III дәрежелі диплом,2021ж,Облыстық пәндік олимпиада алғыс хат ,2023ж<br>Облыстык пәндік олимпиада 2025ж<br>Облыстық байқауы «Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет» III-Орын диплом,2025ж |

**Тәрбиеленушілер контингенті**

| № | Оқу жылы | Мазмұны | Дереккөз |
|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 жж | Тәрбиеленушілер контингенті | Ресми интернет-ресурста орналастырылды |
| 2 | 2023-2024 жж | Тәрбиеленушілер контингенті | |
| 3 | 2024-2025 жж | Тәрбиеленушілер контингенті | |

**2024 - 2025 оқу жылынағы тәрбиеленушілер туралы ақпарат**

Dara bala автоматтандырылған қызметі арқылы «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы» қабылданған тәрбиеленушілердің толық жасын ескере отырып, 2024-2025 оқу жылының басында жасақталды:

- 1 Аралас тобы – 1 ден 4 дейін жастағы балалар;

Барлық балалар жас ерекшелігіне сәйкес топтарда орналастырылған. Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы мемлекеттік қызмет көрсету арқылы жасалады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қажетті бос орындар жыл бойы Dara bala электрондық порталында орналастырылады. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды сақтау бойынша балалардың жасын ескере отырып, жас топтары қалыптасқан. 1- сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімі сақталынады.

«Ақбота» бөбекжай - балабақшасы МКҚК тәрбиеленушілерінің тізімі 2024 жылғы қыркүйекте **26 баланы** құрады.

Мемлекеттік тілде оқытылатын топ жасақталған.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жасақталған топтар – жоқ.

Әдістемелік ұсыныстарға 3-қосымша

**Тәрбиеленушілердің контингентінің құрлымы**
**МКҚК «Ақбота» бөбекжай- балабақшасы**
2024 ж-2025 ж

| А.Т.Ә | Туған күні айы,жылы | Топтың атауы | Жас кезенділігі | Жас бойынша топтар | Мектепке дейынгі ұйымға қабылданғаны туралы мәлімет | | Мектепке дейінгі ұйымнан шығарылғаны туралы мәлімет |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Келген мерзімі | Онын ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша(жеке меншік МДУ үшін) | Кеткен уакыты |
| Аманжол Мансур | 25.01.2020ж | «Етрегі» | 4 жас | Ересек топ | 05.09.2023ж | Мемлекеттік | |
| Дениченко Наргиз | 07.08.2020ж | «Ертегі» | 4 жас | Ересек топ | 02.09.2022ж | Мемлекеттік | 03.02.2025ж |
| Рахымбек Сезім | 15.06.2020ж | «Ертегі» | 4 жас | Ересек топ | 02.09.2022ж | Мемлекеттік | |
| Утемагамбетова Расул | 05.08.2020ж | «Ертегі» | 4 жас | Ересек топ | 07.09.2022ж | Мемлекеттік | |
| Турсынбай Айлин | 24.08.2020ж | «Ертегі» | 4 жас | Ересек топ | 16.10.2023ж | Мемлекеттік | |
| Абдирасилова Айлара | 18.01.2021ж | «Ертегі» | 3жас | Ортаңғы топ | 24.01.2023ж | Мемлекеттік | 03.03.2025ж |
| Абай Альмира | 29.06.2021ж | «Ертегі» | 3 жас | Ортаңғы топ | 04.08.2023ж | Мемлекеттік | 01.10.2024ж |
| Әділбек Назым | 14.07.2021ж | «Ертегі» | 3 жас | Ортаңғы топ | 22.11.2022ж | Мемлекеттік | |
| Жомагулов Мерлан | 24.08.2021ж | «Ертегі» | 3 жас | Ортаңғы топ | 06.10.2022ж | Мемлекеттік | |
| Дениченко Ринат | 02.07.2021ж | «Ертегі» | 3 жас | Ортаңғы топ | 02.09.2022ж | Мемлекеттік | 03.02.2025ж |
| Габазов Зелимхан | 08.06.2021ж | «Ертегі» | 3 жас | Ортаңғы топ | 18.11.2024ж | Мемлекеттік | |
| Исмухамбетова Самира | 10.09.2021ж | «Ертегі» | 3жас | Ортаңғы топ | 05.09.2023ж | Мемлекеттік | |
| Пазылжанова Зарина | 04.03.2021ж | «Ертегі» | 3 жас | Ортаңғы топ | 20.06.2023ж | Мемлекеттік | |
| Сагатжан Софият | 24.04,2021ж | «Ертегі» | 3 жас | Ортаңғы топ | 21.04.2023ж | Мемлекеттік | |
| Турсынбай Ахмет | 23.08.2021ж | «Ертегі | 3 жас | Ортаңғы топ | 16.10.2023ж | Мемлекеттік | |
| Тарғынов Ержигит | 14.10.2021ж | «Ертегі» | 3 жас | Ортаңғы топ | 16.10.2023ж | Мемлекеттік | |
| Аманжол Фатима | 01.02.2022ж | «Ертегі» | 2жас | Кіші топ | 20.06.2023ж | Мемлекеттік | |
| Абдирасилов Мейіржан | 29.07.2022ж | «Ертегі» | 2 жас | Кіші топ | 01.07.2024ж | Мемлекеттік | 03.03.2025ж |
| Бақтыбай Ясина | 13.02.2022ж | «Ертегі» | 2жас | Кіші топ | 04.07.2023ж | Мемлекеттік | |
| Данн Мелисса | 07.11.2022ж | «Ертегі» | 2 жас | Кіші топ | 01.07.2024ж | Мемлекеттік | |
| Данн Амелия | 07.11.2022ж | «Ертегі» | 2жас | Кіші топ | 01.07.2024ж | Мемлекеттік | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мурат Фатима | 16.07.2022ж | «Ертегі» | 2 жас | Кіші топ | 16.08.2024ж | Мемлекеттік | |
| Рахымбек Нурбек | 16.08.2022ж | «Ертегі» | 2жас | Кіші топ | 01.07.2024ж | Мемлекеттік | |
| Куаныш Алау | 14.02.2022ж | «Ертегі» | 2 жас | Кіші топ | 01.11.2024ж | Мемлекеттік | |
| Габазова Ийса | 12.06.2023ж | «Ертегі» | 1 жас | Ерте жас топ | 18.11.2024ж | Мемлекеттік | |
| Дуйсенгул Сезім | 16.08.2023ж | «Ертегі» | 1 жас | Ерте жас топ | 03.09.2024ж | Мемлекеттік | |
| Конакбай Айша | 21.02.2023ж | «Ертегі» | 1 жас | Ерте жас топ | 13.09.2024ж | Мемлекеттік | |
| Қуаныш Марьям | 29.07.2023ж | «Ертегі» | 1 жас | Ерте жас топ | 01.08.2024ж | Мемлекеттік | 01.11.2024ж |
| Тлеулиев Али | 20.02.2023ж | «Ертегі» | 1 жас | Ерте жас топ | 03.07.2024ж | Мемлекеттік | 03.02.2025ж |
| Барлығы 29 бала | | | | | | | |

Меңгеруші __________ Дзюбан Э.Н.

## Оқу әдістемелік жұмыстары
## «Ақбота» бөбекжай - балабақшасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының негізінде, бармай профилактикалық бақылаудың алдындағы балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу кезінде бағалау өлшемшарттарының 3-тармағына 2) тармақшасына сәйкес бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы бақылау басталғанға дейін бір ай бағаланатын кезеңге:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті білім бері стандарттарына сәйкес;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес; білім беру қызметі жүзеге асырылды.

1. 2022-2023 оқу жылдары;
2. 2023-2024 оқу жылдары;
3. 2024-2025 оқу жылының (қыркүйек - қантар айларына) мәлімет құжаттары мен материалдары берілді .

## Әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары ресми интернет –ресурста орналастырылды

## Оқу материалдық активтер
## «Ақбота» бөбекжай - балабақшасы

**«Ақбота» бөбекжай – балабақшасы** 2008 жылы 15 қарашада пайдалануға берілген типтік ғимаратта орналасқан.
Степной ауылы Д.А.Конаев,11 мекенжайында орналасқан, 1972 жылы салынған бір қабатты ғимарат. Балабақшаның жобалық сыйымдылығы 50 орындық.

Балабақшада 2 топтық кабинет (ойын бөлмесі, жатын бөлме, қабылдау бөлмесі, санитарлық бөлім), әдістемелік кабинет, «Рухани жаңғыру сәби шақтан» дамытушы бөлмесі, медициналық кабинет (процедуралық, изолятор), кір жуу, асхана. Аумақта топтық беседкалар, спорт алаңы бар. Топтық бөлмелер мен алаңдар мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықталған.

Балабақшада әр топта балаларды дамыту орталықтары балалардың жас ерекшіліктеріне сай жасақталған. «Заттық-кеңістіктік орта» көрсеткіші бойынша педагогтер заттық-кеңістіктік ортаны білім беру элементі ретінде қарастырып және оның мүмкіндіктерін барынша қолдана отырып, ондағы көрнекі құрал-жабдықтар балалардың қызығушылықтарын арттыруға

бейімделген. Балабақшаның материалдық-техникалық базасы: жиһаздар, ойыншықтар, оқу, ойын көрнекі - құрал жабдықтары толығымен **Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормаларының** талабына сай. Техника қауіпсіздігін сақтау талаптарына, санитарлық-тазалық нормасына, табиғи ерекшіліктеріне, жайлы қызмет көрсету принциптеріне сәйкес жинақталған. Топтық бөлмелер мен алаңдар мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықталған.

Кіші топқа үлкен ойыншықтары бар үлкен ашық алаң бөлінген - қозғалтқыштар, заттармен ойындарға арналған бұрыштар ұйымдастырылған. Ортаңғы топтарда сюжеттік-рөлдік ойындардың бұрыштары (үй, шаштараз, аурухана және т.б.) орналастырылған. Ересек топтарда мүмкіндігінше оңашалық пен психологиялық релаксация бұрыштары жасалған. Барлық топтарда әртүрлі құрылыс жинақтары бар, соның ішінде лего, мозаика, танграммалар, кесілген суреттер, көркем дизайнға арналған қалдық табиғи материал. Топтарда балалардың көркемдік-эстетикалық дамуы үшін балалардың бейнелеу әрекетінің әртүрлі түрлеріне арналған бұрыштар бар. Олар сурет салу, қолдану, модельдеу, көркемдік жұмыстар үшін әртүрлі материалдармен және құралдармен жабдықталған. Бұрыштар эстетикалық безендірілген, оларда шығармашылық жұмыстар көрмесіне орын қарастырылған, ересек топтарында балалардың ұжымдық жұмысқа қатысуы машықтанады. Бұрыштарда ұсақ моториканы дамытуға арналған материалдар (сызбаға арналған пішіндер, әртүрлі шілтер, көлеңкелеу, бояу және т.б.) бар. Арнайы стендте мерзімді түрде балалар жұмыстарының (суреттер, қолөнер), сондай-ақ балалардың тәрбиешілермен және ата-аналармен бірлескен жұмыстарының көрмелері ұйымдастырылады.

Әрбір жас тобында «табиғат бұрыштары» ұйымдастырылады, олар орналасқан жерлерде: Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес өсімдіктер. Оларда гербарийлер топтамалары, табиғат күнтізбелері, табиғи материалдардан Сондай-ақ балалармен бірге тәрбиешілер балабақшаның үлкен қызмет көрсету дәлізінде орналасқан түрлі гүлдер мен өсімдіктерден тұратын «жасыл бұрышта» өсімдіктерге күтім жасауды ұйымдастыра алады. Осының барлығы балаларда жабайы табиғатқа ұқыпты және құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етеді.

Әрбір жас тобында дидактикалық ойындар, танымдық белсенділікке арналған материалдар (карточкалар, магниттер, сағаттар, минералдар коллекциясы), мерзімді басылымдар, балалар іс-әрекетінің барлық түрлерін ұйымдастыруға арналған көркем әдебиеттер бар.

Балабақшада балалардың музыкалық белсенділігін дамытуға жағдай жасалған. Музыкалық орталық, теледидар, бейне және аудио кітапхана, балалар музыкалық аспаптары, оның ішінде ұлттық аспаптармен жабдықталған музыка кабинеті бар. Әр жас тобына арналған музыкалық бұрыштар.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында әр топта ұлттық бұрыш жабдықталған, онда Қазақстан Республикасының тарихы мен дамуына байланысты материалдар, тұрмыстық заттар, киімдер, ұлттық киімдегі қуыршақтар, қолданбалы өнер заттары, қазақтың әдет-ғұрып, әдет-ғұрыптарының ерекшеліктерін көрсететін бұйымдар жинақталған.

Әдістемелік кабинетте Мемлекеттік білім беру стандартының барлық тараулары бойынша әдістемелік, оқу және түзету жұмыстарына арналған бай материалдар, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған кеңестік материалдар, әдістемелік кітапхана бар. Бейне және аудиоматериалдарды жинақтау жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, балабақшамызда баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуына жағдай жасалған.

Пәндік - кеңістіктік ортаның мазмұны оқушылардың қызығушылықтарына сәйкес келеді, кезеңді түрде өзгеріп отырады, түрленіп отырады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттеріне назар аудара отырып, үнемі байып отырады.

## Мектепке дейінгі мекемеде балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құру.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның барлық топ бөлмелерінде, дәлізде, акт залда кіре беріс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейнебақылау камералары қондырылған. Балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген. Бұл балалардың қауіпсіздігі үшін жасалған игі істер. Тәртіппен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілген.

**Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымша**

**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер**

| № | Атауы | Топтардың толыдылығына байланысты саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Өлшем бірлігі | Бөбекжай жасы (етре жас тобы,кіші топ) | Мектепке дейінгі жас (орта топ) Мектепке дейінгі жас (ересек топ) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Балалар үстелі | 12 | | |
| 2 | Балалар кереуеті | 35 | 15 | 20 |
| 3 | Тумбасыз корпустік үстел | 3 | 1 | 1 |
| 4 | Үш жәшікті жылжымалы тумба | 6 | 3 | 3 |
| 5 | Басшы үстеліне қосылатын үстел | 1 | | |
| 6 | Әмбибап киім шкаф | 1 | - | |
| 7 | Офистік орындық | 5 | 1 | 1 |
| 8 | Жұмсақ кресло | 1 | | |
| 9 | Айнамалы тақта | | | |
| 10 | Балалар орындығы | 40 | 18 | 22 |
| 11 | Екі ярусты балалар кереуеті | 5 | | 5 |
| 12 | "Кузнечик"  ойын жинағы | 1 | 1 | |
| 13 | "Аурухана" ойын бұрышы | | | 1 |
| 14 | Бес секциялы шкаф банкеткасымен | 1 | | 1 |
| 15 | Балалар жиһазы | 5 | 3 | 2 |
| 16 | Қуыршақ театріне арналған шымылдық | 1 | 1 | |
| 17 | Шкафы есепші | 1 | | |
| 18 | "Шаштараз" ойын бұрышы | 1 | | 1 |
| 19 | Спорт кешіні | 2 | | |
| 20 | Компьютерлік үстелген арналған кресло/есепші | 1 | | |
| 21 | Екі секциалы балаларға арналған шкаф | 2 | 1 | 1 |
| 22 | Асханаға арналған шкаф | 1 | 1 | 1<br>2 |
| 23 | Теледидарға арналған тумба | | | |
| 24 | Паровозик жұмсақ моделі | 1 | 1 | |
| 25 | Құрғақ  бассейн | | | |
| 26 | Балалар жұмсақ жиһазы (1-диван,2-кресло) | 1 | 1 | |
| 27 | әмбибап шкаф медиц | 1 | | |
| 28 | аткеңшек | 3 | | |
| 29 | тербелме | 4 | | |
| 30 | Отырғыш(беседка) | 2 | | |
| 31 | 4 орындығымен үстелі | | | |
| 32 | жазу устелі | 2 | 1 | 1 |
| 33 | жиһаз жиынтығы муз зал | 1 | | |
| 34 | жиһаз жиынтығы әдіскер | | | |
| 35 | жұмсақ жиһаз(диван+2 | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | кресла) | | | |
| 36 | бұрыш шкаф психол | | | |
| 37 | допқа арналған шкаф | | | |
| 38 | обруч салатын шкаф | | | |
| 39 | шаруашылық құралдар қоятын шкаф | 2 | 1 | 1 |
| 40 | отектейтың үстел | 1 | | |
| 41 | Маты спортивные | 2 | 1 | 1 |
| 42 | шкаф для белья | 1 | | |
| 43 | Спорт кешіні | 2 | 1 | 1 |
| 44 | Спорт кешіні | | | |
| 45 | тербелме | 2 | 1 | 1 |
| 46 | балансир | 2 | 1 | 1 |
| 47 | балансир | | | |
| 48 | качеля | 1 | 1 | |
| 49 | качеля | 2 | | |
| 50 | качеля | | | |
| 51 | горка двойная | 1 | 1 | |
| 52 | беседка юрта | | | |
| 53 | беседка | 2 | 1 | 1 |
| 54 | наружная инсталяция | 1 | | |
| 55 | Игров набор с кинетич песком | 1 | 1 | |
| 56 | Комната развития «Жеті ойыншық» | 1 | | |
| 57 | Развиваюшие игрушки | 15 | 5 | 5 |
| 58 | конструкторы | 5 | | 5 |
| 59 | Машинки разные | 15 | 6 | 9 |
| 60 | Куклы разные | 10 | 5 | 5 |
| 61 | Коляски для кукол | 4 | | 4 |
| 62 | самолеты | 5 | 2 | 3 |
| 63 | Наборы животный мир | 5 | 2 | 3 |
| 64 | Набор фрукты | 5 | 2 | 3 |
| 65 | Наборы овощи | 5 | 2 | 3 |
| 66 | Муз инструменты барабан | 2 | | |
| 67 | Дудочки | 1 | | |
| 68 | Развивающие набор геометрических фигур | 10 | 5 | 5 |
| 69 | Тактильная тропинка | 1 | | |
| 70 | Балансир | 1 | | 1 |
| 71 | Игровой модуль Кольцеброс | 1 | | 1 |
| 72 | Мягкая мебель для кукол | 2 | 1 | 1<br>2 |
| 73 | Столы с лего | | | |
| 74 | Музыкальный центр | 1 | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 75 | Мини муз центр | | | |
| 76 | Ложки деревянные | 10 | | |
| 77 | погремужки | 10 | | |
| 78 | бубны | 10 | | |
| 79 | колокольчики | 10 | | |
| 80 | Теневой театр | 1 | 1 | |

Меңгеруші: Э.Н.Дзюбан

## Ақпараттық ресурстар, кітапхана қоры

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылған жұмыстар (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес ұсынылды.)* Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығында бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген ойын іс-әректі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне, ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Педагогтер ұйымдастырылған іс – әрекеттерінде адамгершілік, патриоттық тәрбие қалыптастыруда қазақ этнопедагогикасы материалдарын үнемі кіріктере отырып қолданады. Патриоттық тәрбие беру мақсатында педагогтер тәрбиенушілермен Степной ауылының тарихи және көрікті жерлеріне, музейлерге экскурсия жасау дәстүрге айналған.

Әдістемелік кабинетте оқыту және тәрбиелеу қызметіне барлық жағынан бағытталған ғылыми және балаларға арналған әдебиеттер, сонымен қатар мерзімді баспа-сөздер және әдістемелік басылымдар орын алған. Әдебиеттердің қоры педагогикалық ұжымның мақсаттары мен міндеттерінен туындай отырып, тұрақты түрде толықтырылып отырады.

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құрылды.

«Ақбота» бөбекжай - балабақшасы қажетті негізгі оқу-әдістемелік әдебиет қорымен қамтамасыз етілген.

Балабақшаның барлық топтарында мектепке дейінгі білім беру саласында нормативтік-құқықтық актілер бар, барлық жас топтары бойынша оқыту бағдарламалары, ғылыми-әдістемелік және көркем әдебиеттер бар.

Педагогтар мен тәрбиеленушілердің қармағында қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиеттер бар. Барлық теориялық материалдар жүйеленген және әдістемелік кабинетте орналасқан.

Балалардың білім беру және тәрбие жұмысының тиімділігі үшін әдіскер кабинетінде қажетті көрнекі материал бар:

Әдістемелік ұсынымдардағы 5-қосымшаға сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің тізімі қоса берілді.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу – әдістемелік кешіндердің болуы туралы мәліметтер
«Ақтөбе облысының басқармасы» Қарғалы ауданының білім бөлімі» ММ
«Ақбота»бөбекжай-балабақшасы МКҚК

| № | Оқу әдістемелік кешеннің атауы | Ерте жастағы топ (1 жастағы балалар үшін | | Кіші топ ( 2 жастағы балалар үшін) | | Орта топ ( 3 жастағы балалар үшін) | | Ересектер тобы (4 жастағы балалар үшін) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Экземпляр саны | Оның ішінде қазақ тілінде | Экземпляр саны | Оның ішінде қазақ тілінде | Экземпляр саны | Оның ішінде қазақ тілінде | Экземпляр саны | Оның ішінде қазақ тілінде |
| 1 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқытудың бағдарламасына нұсқаулық | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 2 | Сауат ашу | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 3 | Көркем әдебиет | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 4 | Көркем әдебиет оқулық | - | - | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 5 | Сүрет | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 6 | Қарапайым математика | | | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 7 | Қоршаған ортамен таңыстыру | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 8 | Мүсіндеу | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 9 | Қазақ тілі оқулық | | | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 10 | Қазақ тілі ертегіліктері | 2 | 2 | 2 | 1 | 2 | 2 | 3 | 2 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Обучение грамоте | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 12 | Основы математики | 1 | | 1 | | 1 | | 1 | |
| 13 | Развитие речи | 1 | | 1 | | 1 | | 1 | |
| 14 | Лепка | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 15 | Апликация | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 16 | Ознакомление с окружающим миром | 1 | | 1 | | 1 | | 1 | |
| 17 | Художественная литература хрестоматия по детской художественной литературе казахских авторов | 2 | 2 | 2 | 1 | 2 | 2 | 2 | 2 |

Меңгеруші: Э.Дзюбан

**Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау**

| № | Оқу жылы | Мазмұны | Дереккөз |
|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 оқу жылы | 1.Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелері | Ресми интернет-ресурста орналастырылды |
| | | 2.Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу (жиынтық) нәтижелері | |
| | | 3.Баланың жеке даму картасы | |
| 2 | 2023-2024 оқу жылы | 1.Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелері | Ресми интернет-ресурста орналастырылды |
| | | 2.Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу (жиынтық) нәтижелері | |
| | | 3.Баланың жеке даму картасы | |
| 3 | 2024-2025 оқу жылы | 1.Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелері | Ресми интернет-ресурста орналастырылды |
| | | 2.Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу (жиынтық) нәтижелері | |
| | | 3.Баланың жеке даму картасы | |

**«Ақбота» бөбекжай-балабақшасы тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау (бастапқы)**

Бағаланатын кезеңге баланың даму мониторингі, 2024-2025 оқу жылы. Есеп беру 2024-2025 оқу жылына арналған «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы және балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы мониторингінің қорытындысы (**6-қосымша** электронды түрде ұсынылады).

**2024-2025 оқы жылындағы бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша диаграммасы**




**Мониторингтің қорытындысы:**

**Мониторингтің мақсаты:** Мектептегі білім мен тәрбие оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

**Міндеттері:**

- ✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау;
- ✓ балаларға жасына сәйкес біліктер мен дағдыларды игерту;
- ✓ баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау;
- ✓ балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау;
- ✓ мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыру;
- ✓ педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру.

Диаграммада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын игеру мониторингінің нәтижелері көрсетілген. Мониторингтің нәтижелері негізінде оқу жылында «Баланың жеке даму картасы» толтырылды. Білім беру қызметі үлгілік бағдарламаға сәйкес жоспарлы, жүйелі жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің бағдарлама мазмұнын нәтижелі игеруіне өткізілетін әдістер мен формалардың дұрыс таңдалып алынуыда оң нәтижесін берді. Сонымен қатар топтағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастыруда келесі жағадайлар жасалған:

- ✓ қызығушылығы, ерекшеліктері және қажеттілігі ескере отырып, топта дамытушы орта құрылған;
- ✓ балалардың мүдделері ескеріліп отырады;
- ✓ қолайлы психологиялық және эмоционалдық атмосфера құрылып қолданылуда;
- ✓ балалардың логикалық ойлауын, еске сақтауын, қиялын дамытуға бағытталған күнделікті дидактикалық және сөздік ойындар ұйымдастырылып өткізілуде.
- ✓ жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың дағдыларын дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру;
- ✓ әр баланың дағдыларын дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтар қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Балалардың біліктері мен дағдыларын дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясының өсу динамикасын дамытуға және түзету іс-шараларын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы оқу жылға арналған педагогикалық процесті ұйымдастырудың басты шарты-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және тәрбиелеу мен білім беруді жан-жақты дамытуға ықпал ете отырып, физикалық дамуын, коммуникативті, танымдық, зияткерлік шығармашылық, эмоционалды-әлеуметтік дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

**Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б сауалнамасы**
**Ата-аналар мен педагогтермен жүргізілген сауалнамаға сараптама**

**Кемшіліктер мен ескертулер, олардың шешу жолдары**

**«Ақбота» бөбекжай - балабақшасы**
**өзін-өзі бағалау**
**ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Мектепке дейінгі мекемелер үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде үнемі өзгеріп отыратын, қоғамға бейімделе алатын қабілетті баланың тұлғалық дамуына және қалыптасуына барлық жағдай жасау қажет.

«Ақбота» бөбекжай - балабақшасы тәрбиелеу-оқыту үрдісінде инновациялық технологияларын қолдана отырып, дені сау, дербес, білуге құмар, сын тұрғысынан ойлай алатын тұлға қалыптастыру жолында. Балабақшаның алға қойған мақсаты: мектепке дейінгі жастағы баланың толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, физикалық,

психоэмоционалдық, тілдік коммуникативтік құзіреттіліктері дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

"Ақбота" бөбекжай - балабақшасы балалардың даму мүмкіншіліктерін, денсаулық жағдайларын, қызығушылық деңгейлерін ескере отырып, дені сау, шығармашылық қабілеті зор, үйлесімді жеке тұлғаны қалыптастырып және баланың психофизиологиялық дамуы туралы мәселелер жөнінде балабақша мен отбасы арасындағы байланысты жүйелі түрде жүргізуде.

Ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының оқу жоспарына және санитарлық-гигиеналық ережелеріне толық сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу болып табылады.

Баланы жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта - отбасы болып табылады. "Айгөлек" бөбекжай - балабақшасының педагогтары ата-аналарға отбасында, ең алдымен, ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет- ғұрыптар мен құндылықтардың сақталуы және берілуі керек екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы - бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген карым-қатынас қаланатын әлем екенін түсінуге көмектеседі. Балалардың құрдастарына мейірімді қарым-қатынасын дамытуға, адамдарға деген құрмет сезімін, игі істер жасауға ұмтылысын тәрбиелеу үстінде.

Топтағы заттық-дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, мектепке дейінгі ұйымында топтардың барлығы балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата - аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана» ойындары, «Қазақы үй», «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары сюжеттік-ролдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, аквариумдағы балықтар, бөлме өсімдіктері өсіріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Топ құжаттары талапқа сай жинақталған. Ата-аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толтырылған.

Тәрбиеленушілерді құқықтық тәрбиелеу, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету барысында

педагогикалық кеңесте мәселе етіп қойылып, талқыланған «Ата-аналармен құқықтық тәрбие бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбына слайдтар, «Менің әкем - ең жақсы адам» атты жылжымалы папкалар дайындалған.
Мектепке дейінгі мекемеде кеңістік - пәндік ортаны дайындау барысында «Ата-аналар, сіздер үшін», «Денсаулық бұрышы», «Кәсіподақ бұрышы», «Біздің мақтанышымыз», «Жол ережелері», атты мемлекеттік белгілер мен тақырыптық стендтер орнатылған.

Ерекше білім беру қажеттілілктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктетрі ескеріліп, оқу жоспары мен бағдарлама әзірленген.
Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай .
Аудиотека, видеотека бойынша қазақ және орыс тілдерінде ертегілер жинақталған.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі мекеменің аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі мекеменің топтары ойын материалдары мен құрал—жабдықтармен қамтылған. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті. Мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту жұмыстары мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес жүргізіледі. Баспасөз беттерінде (республикалық, облыстық, аудандық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды, бірнеше педагог облыс көлімінде өзінің әдістемелік құралдарын шығарды.

"Ақбота" бөбекжай - балабақшасының өзін-өзі бағалауы қорытындысы шығарылды. 31.03.2025 күні №4 жоспардан тыс педагогикалық кеңес өтіп, педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері таныстырылды.

**Қорытынды және ұсыныстар:**

Ұсыныстар:

1. Жаңа заман талабына сай интерактивті тақта алуға бюджеттен қаржы бөлінуі қарастырылсын.
2. Біліктілік санаты бар педагогтардың деңгейін көтеру жұмыстары жүргізілсін.

Қортынды:

1.Мектепке дейінгі мекеме компьютермен, интернет жүйесімен қамтылған.

2.Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.
3.Мектепке дейінгі мекемеде кадрлармен, балалармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
4.Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілген.
5.Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «жеткілікті» деңгейде.

Жоспарға тыс Педагогикалық кеңестін №5 хаттамасы

(жоспарына тыс) Педагогикалық кеңестін №5 хаттамасы

Өткізу күні:31.03.2025жыл
Қатысқан саны: 4
Қатыспаған:0

Тақырыбы: «Ақбота» бөбекжай балабақшасының өзін-өзі аттестаттауды қорытындылау.
Мақсаты: Білім беру мекемесінің оқыту және тәрбиелеу сапасын арттыру бойынша мектепке дейінгі ұйым қызметің тиімділігін талдау беру және өзін-өзі бағалау.

Күн тәртібі

1. «Ақбота» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебі.
2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша есеп.
   Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Э.Н.Дзюбан сөз сөледі, ол педагогикалық ұжымды 2022 жылдан бастап 2025 жылдың ақпан айына дейінгі кезеңде қызметтің барлық бағыттары бойынша мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылырымен таныстырылды. Мектепке дейінгі ұйым штаттік кестеге сәйкес педагогикалық кадрлармен толық қамтылған. Ағымдағы жылы 1 педагог жоғары педагогикалық білімі бар, ол 34% құрайды. Оның ішінде 1 педагог «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша, 2 педагог арнайлы орта «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» білім бар,ол 66% құрайды.1 педагог аттестаттаудан жаңа форматтан отті. 1 педагог педагог – сарапшы.Педагогтар 3 жылдан 1 рет қайта даярлау курстан өтеді. Балабақшада 1 топ жұмыс жасайды. Жобалық құжаты 50 орын. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру оқу жұмыс жоспары,ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Оқу жүктемесі МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. Дамыта оқыту ынтымақтастық педагогикасы,ойын технологиялары практикалық қызметке белсенді еңгізілуде. Бұл оқыту сапасын қамтамасыз етті, бағдарламалық материалды игеру деңгейі артты.Әдістемелік қызметттің мазмұны оқытуды технологияландыруға, жаңа дидактикалық материалды құрастыруға стандартты емес тапсырмаларды іздеуге, стандартты емес жағдайларды жасауға бағытталған. Бұл сабақтарды құзыреттілік тәсіл тұрғысынан ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ортаңғы және ересек жас балдарының ата аналар арасында телеграмм каналында сауалнама өткізілді.12 ата-ананың арасында 12 ата ана қатысты. Ол 100% қатысымды көрсетілді. Мектепке дейінгі ұйымда әр баланаң өзгеруі, жайлылығы мен әл ауқаты ескерілді. Топта «Біртұтас бағдарламасы» аясында ұлттық қазақ бұрышы, кітап бұрышы,табиғат бұрышы, жол

ережесі бұрышы, баланың жекелену бұрышы ұйымдастырылды. Медициналық қызметтер,контингенттің денсаулық жағдайы мен дене дамуын динамикалық бақылауы, ата-аналар,тәрбиенушілер арасындағы санитарлық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру арқылы мектепке дейінгіұйымдағы балалардың физикалық күйіне бақылау жүргізіледі.

1. Ұйымдастырылған іс-әрекет МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.
2. Білім беру іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізінде жүзеге асырылады.
3. Үлгілік оқу жоспарлары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасында белгіленген, қойылған талаптарға сәйкес келеді.
4. Жас топтар бойынша игеруге жататаң білім, білік,дағды мен құзырет көлемі МЖМБС және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.
5. Топтарды жинақтау кезенде балалардың жас ерекшелігі сақталады.

Екінші сұрақ бойынша балабақшасының тәрбиеші А.К.Лесбаева сөйледі. Ол комиссия мүшелерімен бағалау өлшемшарттар қорытындысын шығарды. Ол 84% 42 балл-ды құрайды.

ШЕШІМІ

1. Бағалауға « жақсы» - 4 балына сәйкес келеді.
2. Балабақша сайтында өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша қорытынды орналастырылсын.

Төрайымы Э.Н.Дзюбан

Хатшысы Г.Э.Асанова

**Өзін-өзі аттестаттау қорытындысы**

**Қорытынды:**

«Ақбота» бөбекжай-балабақшасының басқару қызметі «жоғары» деңгейде ден есептелсін. Комиссия балабақшада өткен өзін-өзі аттестаттау негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдайды:

1. «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны «мектепке дейінгі мекеме» мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы: Э.Н.Дзюбан

Комиссия мүшесі; А.К.Лесбаева

Б.З.Жабетова

**«Ақбота» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау өлшемшарттары**

| Бағалау парағы р/с № | Бағалау өшемшарттары | өлшеуіштер | Баллары |
|---|---|---|---|
| 1 | Тиісті бейіні бойынша жоғары(жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудырастайтын құжатты бар педагогтердің үлесі | 100% | 5+ |
| 2 | Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттенсиретпей арттырған расталған педагогтердіңс соның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей үлесі | 95% | 4+ |
| 3 | Үш жылда бір реттен сиретпей(онің ішінде басшы) басшы орынбасарларының біліктілігін арттіру курстарына өткен педагогтердің үлесі | 100% | 5+ |
| 4 | Білім белу ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы | 95% | 4+ |
| 5 | Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшінҚазақстан Республикасы Білім және | 95% | 4+ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ғылым министрінің 2022жылғы 12 қантардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау | | |
| 6 | Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету | 100% | 5+ |
| 7 | Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар болінісінде) | 100% | 5+ |
| 8 | Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау | 80-100% | 5+ |
| 9 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | 100% | 5+ |
| | Барлығы | 84% | 42б |

Меңгеруші: Э.Н.Дзюбан